КЕЛІСІЛДІ
Кәсіподақ ұйымының
төрағасы
_______ Б.А.Канапия
«01» 09 2022ж.

БЕКІТЕМІН
«Сәкен Сейфуллин атындағы
гимназиясы» КММ
директоры _______ С.О.Жунусова
«01» 09 2022ж.

# «Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ
# сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабына сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және гимназиямен оның қызметкерлерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу болып табылады.
3. Сыбайлас жемқорлыққа стандарттың міндеттері:
1) гимназияның қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты және жауапкершілікті қалыптастыру;
2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;
3) гимназияның қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту;
4) Гимназия қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:
1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындау гимназияның әрбір қызметкерінің міндеті болып табылады;
2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолданбағаны және орындамағаны үшін гимназияның әрбір қызметкері дербес жауапты болады.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт гимназияның қызметкерлерінің белгіленген қағидаларды сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

## 2. «Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің (іс-қимылының) стандарттары (ұсынымдары)

1. Гимназия мен оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде.
   1) өзінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде өз міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, көрсетілетін қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;
   2) мүдделер қақтығысына жол бермеу, олар туындаған кезде заңнамаға сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдау;
   3) білім беру және өзге де қызметтерді жүзеге асыру кезінде өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
   4) гимназияның қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
   5) гимназияның қызметкерлерінің білім мен ғылымды дамыту жолдарын айқындауға белсенді қатысуы;
2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:
   1) Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
   2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беруге міндетті;
   3) Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы қамтамасыз етуге міндетті;
   4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
3. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:
   1) қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке мүүделіліктің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей басшыға баяндауға міндетті.
   2) қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмауға міндетті.
   3) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеуге және ынталандырмауға міндетті.

4) әріптестерге, басшыға және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуге міндетті.
5) қызметтік өкілеттерін атқаруына байланысты сыйлықтар қабылдамауға міндетті.
6) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға міндетті.
7) Сыбайлас жемқорлыққа алдын алу іс-шараларында белсенділік таныту.
8) әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау.
9) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдауға міндетті.

4. Білім беру және басқа да қызметтерді көрсету кезінде туындайтын өзге де өзара қарым – қатынастар кезінде:
   1) ҚР Конституциясының, ҚР Еңбек кодексінің, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңдарының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және өзге де заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтау;
   2) Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;
   3) өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде іскерлік әдепті және педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға, Жарғының, Оқу-әдістемелік орталығының ішкі тәртіп қағидаларының және Оқу-әдістемелік орталығының басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларын мүлтіксіз орындауға міндетті.
5. Өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде:
   1) өз білімінің деңгейін үнемі арттыра отырып, білім беру саласындағы Отандық және шетелдік тәжірибе мен жетістіктерді зерделей отырып, кәсібилікке ұмтылуға міндетті.
   2) өзінің кәсіби және жалпы адамзаттық мінез-құлқымен айналадағы адамдарға үлгі болуға тиіс.
   3) әріптестерінің абыройын түсірмеуге, балағат сөздерді пайдаланбауға таныстық пен бойкүндік танытпауға міндетті.
   4) Гимназия әкімшілігінің шешімдері және оның бөлімшелерінің қызметі туралы анық емес ақпарат таратпауға міндеттенеді.

5) өзінің қызметтік міндеттерін орындай отырып, жоғары мәдениет, жауапкершілік таныту, әріптестермен және басқа да педагогтармен қарым-қатынаста өзара сыйластық, әдептілік, тілектестік қағидаттарын басшылыққа алу.

**Таныстым:**

Баканина Б.Ж.
Калмебенова Ж.Ж.
Сулейбаев Е.М
Кошкибаев К.Б
Хасенова Н.М
Корпыкбаев Е.Н.
Даирбаева А.С.
Жакина Б.А
Нурланов Д.Е
Исхакова О.П
Манбаева Д.М
Амангирешова А.К.
Кушекова А.Ж
Сулейменова М.С
Шәкәрім Н.Т
Шамахамбетова Г.М.
Хошим Н.Ш
Амангельдинова Б.И.
Кайоркенов Л.К
Карамбаева Д.С.
Смакова Г.А
Жумабекова Н.П
Тусипханов А.Н
Жакупов Н.Х
Нимазбаева Н.Н
Оспанова Н.Т.
Мукушова С.З
Жекебаева Ж.М

Балтаг Т.М

Әбдіқадыр Е.К

Рысқұлова А.Б

Канбасова Д.М

Утпеганов Д.Н

Канафина А.Д

Тұйткен А.Н

Жакупова К.К.

Акмагамбетова А.М.

Байбалкенова А.А

Тлеубергенова Ж.С.

Жортарова Ә.К

Ахметжанова А.С

Зарабек А.С

Гусмова

Бейсенбекова А.Ж

Сагатова А.Б.

Жорнева К.

Артонова А.

Толмтаева Д.

Алиева Ш.

Темирғалиева С.М.

Садвокасова Г.К

Адиева С.Т

Сапкулакова Т.Б.

Закорина С.

Наметбекова Г.А.

Шлезнева Т.

Женешкина

Бранина Б.Э.